Ұйымдастырушыға

«Өнербек Құрылыс» ЖШС "Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Бәйдібек аудандық құрылыс сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ ұйымдастырған «№ 17324531-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар» ашық конкурсының келесі лоттарына қатысқан:

1. Лот № 87108542-ОК3 - Көшелерді салу бойынша жұмыстар (Улучшение технического состояния дорог населенного пункта Кенес: ул. Бекманов км 0–1,260).

Конкурстық комиссия шешімімен «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстың квалификациалық талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты заңсыз шеттетілген. Атап айтқанда конкурстық өтінімде материалдық және еңбек ресурстарын ұсынбауына байланысты.

Конкурстық комиссияның Мемлекеттік сатып алу талаптарына қайшы шешім қабылдауымен толықтай келіспейміз.

Аталған ашық конкурсының ажырамас бөлігі болып табылатын сметалық құжаттамада көрсетілгендей, орындалатын жұмыстар Бәйдібек ауданы Кенес елді мекенінде көшелдер салу жұмыстары болып табылады.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес көшелдерді салу жұмыстары – жолдарды орташа жөндеу жұмыстарына жатады.

Және де Мемлекеттік сатып алу порталында сәйкес, орындалатын жұмыстар «045 - Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және **орташа жөндеу**» бюджеттік бағдарламасымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 72 тармағына сәйкес «құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды (ағымдағы немесе **орташа жөндеу**, қалпына келтіру, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеу, абаттандыру, дамыту) мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) арқылы материалдық және еңбек ресурстарына иелігін растайды» деп көрсетілген.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС өзінің конкурстық өтінімінде Қазақстан Республикасының рұқсат беру және рұқсат беру туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) құжаттамаларын ұсынған. Атап айтқанда 05.12.2025 жылғы № 25039110 Құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысуға берілген лицензиясы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сұраймыз:

1. «№ 17324531-2 - Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алулар» ашық конкурсында «Өнербек Құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін толықтай конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес деп танып қорытынды туралы хаттаманы қайта қарауды.

«Өнербек Құрылыс» ЖШС директоры А.Ш.Адильбаева